

Жосалы кентінің көшелеріне атау беру туралы

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Жосалы кенті әкімінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 32 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 07 тамызда № 5091 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 1 қорытындысына сәйкес Қармақшы ауданы Жосалы кентінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қармақшы ауданы Жосалы кентінің келесі көшелеріне:

- 1) "Жастар - 4" көшесіне Әлімбай Әлиасқаровтың есімі;
- 2) "Мөлтек - 1" көшесіне Сәдібек Айекеновтың есімі;
- 3) "Жастар - 3" көшесіне Көмекбай Қаракөзовтың есімі берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау кент әкімінің орынбасары А.Қойшыбаевқа жүктелсін.

3. Шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жосалы кенті әкімінің
міндетін атқарушы*

Ш.Сыдықов